

ЖРО ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Сборник лучших практик МРЦ

ЖРО ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ЖИНАҒЫ

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.0
Ж 33

Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелер жинағы.
Сборник лучших практик Молодежных ресурсных центров.

Редакторлар: Исаков А.Е., Абенов А.Д., Кайдарова Т.К.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022
© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2022

Астана, 2022

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Жастарды жұмысқа орналастыруға және кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесу	5
Бейресми білім беру арқылы жастардың өмірлік маңызы бар дағдыларын, құзыреттерін және дербестігін дамыту	17
Жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдесу	35
Жастарға психологиялық көмек көрсету	38
Жастарға өтеусіз негізде консультациялық және заң көмегін көрсету	40
Жастар ортасында волонтерлік қызметті қолдау және дамыту	43
Жастар ұйымдарын, қозғалыстарын және жастардың өзін-өзі басқару органдарын қолдау және дамытуға жәрдемдесу	50
Жастар жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуді және бағалауды сүйемелдеу	55
Мәдениет пен спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау	59
Қорытынды	99

КІРІСПЕ

Жастар – қоғамның қозғаушы күші ғана емес, елдің тірегі, мемлекеттің ең белсенді бөлігі. Бүгінгі таңда жастар халық санының 19,4% бөлігін құрайды. Бұдан бөлек, мемлекет жаһандық трендті ұстануға және жастарды шешім қабылдау процесіне қатыстыруға ұмтылады. Мемлекет басшысы ұлттық мүдде мен мемлекетке адал жас ұрпақтың қалыптасуы мәселесіне ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Жастарымыздың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің Президент ретіндегі басты міндеттерімнің бірі. Сондықтан осы мәселе әрдайым менің назарымда болады. Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сол себепті, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы екінші жыл қатарынан «Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелер жинағы» атты әдістемелік құрал әзірлеуде.

Қазақстанда жастар бастамаларын қолдау, жастарды бейресми білім беру шеңберінде өмірде маңызды болып табылатын дағдылар мен тәжірибеге оқыту бойынша көптеген бағдарламалар мен жобалар бар. «Жастар ресурстық орталықтарының үздік тәжірибелерінің жинағы» әдістемелік материалында өңірлік және аумақтық жастар ресурстық орталықтарының жобалары қорытындыланып, сипатталған.

Бұл әдістемелік құралдың мақсаты – жастармен жұмыс бойынша қызықты және тиімді бағдарламалар мен жобаларды көрсету. Материал жастармен жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың, білім беру мекемелерінің, жастар ресурстық орталықтарының, жастар ұйымдарының, БАҚ және жастар саясатындағы қызықты бастамалар туралы ақпаратты қажет ететін басқа да ұйымдардың жұмысында пайдаланылуы мүмкін.

**ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУҒА ЖӘНЕ КӘСІПТІК
БАҒДАРЛАУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ**
«ПРОФИ-2022» ОБЛЫСТЫҚ КӘСІБИ ЖАСТАР БАЙҚАУЫ

*Жамбыл облысы
«Жастар ресурстық орталығы» КММ*

Мақсаты:

Жастардың кәсіби шеберлігін қолдау және дамыту, жастарды жұмысшы мамандықтарға тарту, еңбек нарығында олардың бәсекелестігін арттыру, жастарға мамандық таңдауға ықпал ету.

Міндеттері:

- жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы беделін көтеру;
- өнеркәсіптің дамуына жәрдемдесу, өнімдерді дайындау мен безендірудегі прогрессивті бағыттарды анықтау;
- кәсіби жастардың арасындағы «Профи - 2022» облыстық байқауын кеңінен насихаттау.

Жобаның мақсатты аудиториясы: байқауға 16-29 жас аралығындағы арнайы кәсіптік білімі бар немесе әуесқой жастар қатысты

Жобаның мазмұны: жастардың кәсіби шеберлігін қолдау және дамыту, жұмысшы жастарды мамандықтарға тарту, жастарға мамандық таңдауға ықпал ету, еңбек нарығында олардың бәсекелестігін арттыру мақсатында «Профи-2022» атты облыстық байқауы өткізілді. Аталған байқауда «Barbershop», «Визажист», «Маникюр ісінің шебері», «Дәнекерлеуші», «Кондитер» номинациялары бойынша облыстың кәсіби жастары өз шеберліктерін сынға салды.

Күтілетін нәтижелер: байқауға Тараз қаласы мен аудандардан 70-ке жуық кәсіби жас қатысты. Қазылардың шешімі бойынша 15 үміткер жүлделі орынға ие болды.



«ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСА!» ЖОБАСЫ

«Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Қарағанды қаласындағы NEET санатындағы жұмыссыз жастар мен жастардың үлесін азайту, жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру болып табылады.

Міндеттері:

- жастармен консультативтік-насихаттық іс-шаралар өткізу;
- қала жастары арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу;
- NEET санатындағы жастарды оқытуды өткізу

Жобаның мақсатты аудиториясы: Қарағанды қаласындағы 9-11 сынып оқушылары және NEET санатындағы жастар.

Жобаның мазмұны: Жобаны жүзеге асыру бірнеше негізгі іс-шаралардан тұрды, атап айтқанда:

- жастармен консультативтік – насихаттық іс-шаралар кешенін, оның ішінде көшбасшылармен-қаланың табысты жастарымен кездесулер өткізу.
- есірткі жарнамалық жазбаларын анықтау және бояу жұмыстарын жүргізу.
- қала жастары арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу бойынша кездесулер өткізу.
- NEET санатындағы жастарды мобилография, СММ, дизайн, бағдарламалау бағыттары бойынша оқытуды өткізу.
- кәсіптік бағдар беру бойынша қаланың жалпы білім беретін мектептерінің 9-11 сынып оқушыларымен кездесулер өткізу.
- 5 жұмысшы мамандығы арасында конкурс өткізу.

Күтілетін нәтижелер: NEET санатындағы жастарды мобилография, СММ, дизайн, бағдарламалау бағыттары бойынша оқыту өтті, 50 адам қамтылды, олардың 30-ы жұмысқа орналасты. Жоба аясында жарнамалық жазуларды бояу бойынша 52 рейд жүргізілді. Сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру тақырыбында қаланың 9-11 сынып оқушыларымен 25 кездесу өткізілді.





NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН «ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ДАМУЫ АКАДЕМИЯСЫ: ЖҰМЫСТЫ ҚАЛАЙ ТАБУҒА ЖӘНЕ ӨЗІН ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БОЛАДЫ?»

«Абай ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Жобаны іске асыру NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыруға және Абай ауданының жастары арасында профилактикалық кәсіби бағдарлау іс-шараларын өткізуге бағытталған.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Абай ауданының аумағында тұратын NEET санатындағы жастар.

Жүзеге асыру механизмдері: Жергілікті кәсіпорындарға экскурсиялық сапарларды ұйымдастыру, олардың жұмысымен және қажетті мамандықтармен таныстыру; жастарды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары туралы бейнероликтерді жасау және әлеуметтік желілерде тарату; жастардың жұмыс істеп жүрген офицерлермен бейресми кездесулерін өткізу жолымен әскери қызмет туралы поляризация жұмыстарын жүргізу; ЖОО өкілдерін шақыра отырып, кәсіби бағдарлау іс-шараларын өткізу.

Күтілетін нәтижелер: «NEET санатындағы жастарға арналған семинар-тренингті ұйымдастыру және өткізу» жеке тұлғаны дамыту академиясы: жұмысты қалай табуға және өзіңізді қалай іске асыруға болады?» Абай ауданының жастар ресурстық орталығында алғаш рет жүзеге асырылуда.

Жобаның қысқа мерзімді нәтижелері:

1) мамандық таңдау және оқу орындары туралы туындаған сұрақтарға жауап алу;

2) жастарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат тарату;

3) экономикалық белсенді халықтың пайда болуы.

Жобаның ұзақ мерзімді нәтижелері:

1) NEET санатындағы жастар үлесін азайту;

2) жұмыссыздықты азайту;

3) мемлекеттік бағдарламалардың белсенді жұмысы;

4) халықтың жалпы сауаттылығын арттыру;

5) экономикалық белсенді халықтың өсуі.



ШҚО ГЛУБОКОВСКИЙ АУДАНЫНДА НЕЕТ САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР КЕШЕНІН ІСКЕ АСЫРУ

*«Глубоковский ауданының
жастар ресурстық орталығы» КММ*

Мақсаты: жастардың бастамаларын, оның ішінде бизнес-жобаларды анықтау және қолдау бойынша «Jasa jastar» аудандық шағын гранттар конкурсын ұйымдастыру және өткізу.

Міндеттері:

- жастардың бастамаларын, оның ішінде бизнес-жобаларды анықтау және қолдау бойынша «Jasa jastar» аудандық шағын гранттар конкурсын өткізуді ұйымдастыру.

- өңірлік БАҚ-та кемінде 2 (екі) тақырыптық жарияланым орналастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілерде кемінде 2 (екі) түрлі жарияланым орналастыру арқылы іс-шараны жариялауды қамтамасыз ету.

- конкурс қорытындысы бойынша 500.000 тг бойынша 5 сертификат тапсыру жоспарлануда.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Глубоковский ауданының аумағында тұратын 18 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.

Күтілетін нәтижелер: кемінде 5 жоба жеңімпаздарын анықтау және марапаттау.



«МЕНИҢ ЖОЛЫМ» МАСТЕР-КЛАСС СЕРИЯСЫ

«Батыс Қазақстан облысының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: өмірде өз орынын тапқан түрлі мамандық иелері, соның ішінде жалғызбасты, көпбалалы аналар өз өмір жолдарымен бөліседі. Осы мамандықты немесе кәсіпті таңдау мақсаты, жеткен жетістіктері жөнінде ақпараттар беріп, жас буынға өз жұмыстарынан шеберлік сағаттарын көрсетеді.

Міндеттері:

- өңіріміздегі жастардың танымал тұлғалардай баршаға танымал болуын қалыптастыру;
- аға буынның тәжірибеге толы өмір жолынан қажетті ақпараттарды игеру;
- азаматтыққа, тәрбие мен өнегеге толы өмір жолын құрметтеуге тәрбиелеу;
- еңбекқорлыққа, оқуға, жұмысқа және өмірге деген шығармашылық көзқарасты тәрбиелеу;
- жоба барысында ҚР танымал адамдар мен белсенді жастар арасында байланыс орнату;

Жобаның мақсатты аудиториясы: NEET санатындағы жастар.

Жүзеге асыру механизмдері:

Өзінің өмірлік жолында түрлі қиындықтарды бастан өткізген тұлғалардың өмір баянымен танысу арқылы жастарға әр адамның бұл өмірде өз бастамасының іске асуы мүмкін екендігін дәлелдеу. Кездесу барысында түрлі осал топ өкілдері саналатын жастардың басын қосып, оларға мотивациялық кездесу өткізу.

Одан бөлек, кездесу барысында сұрақ – жауап арқылы немесе лоторея арқылы кейіпкердің тегін курсына сертификат немесе сыйлық ұтып алу мүмкіндігін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер: жұмыссыз жастар санын азайту.



«NS ЖАС ЖІГЕР»

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: NEET санатындағы жастарды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар NEET санатындағы жастардың әлеуметтенуі және қоғамға үйрету.

Міндеттері :

Сапалы іс-шаралар кешенін өткізу, шара барысындағы оқу үрдісі кезінде жастардың NEET санатынан еңбек нарығына, әлеуметтенуге өтуін және өмір сапасын жақсарту үшін оларды дамыту.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Астана қаласының 14-29 жас аралығындағы жастары, оның ішінде NEET санатындағы жастар.

Жүзеге асыру механизмдері: Ағымдағы жылдың 15 шілдесінде Астана қаласындағы базар жастарының арасында футбол бойынша турнирдің басталуы және жобаның ашылуы ұйымдастырылды. Турнирге 200 адам тіркеліп, соңында жеңімпаздар анықталды.

2022 жылдың 27 қыркүйегіне Астана қаласының базар жастары, құрылыс нысандары өкілдері және жұмысшы жастар арасында волейболдан турнир өткізу жоспарланған.

«NS Жас Жігер» («Дүйсенбілік спорт») жобасы шеңберінде жоспарланған іс-шаралар кешені: атақты спортшылардың қатысуымен спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және базарларда, шеберханаларда, жеткізу қызметінде, қоғамдық қызмет көрсету саласында жұмыс жасайтын жастар үшін, оның ішінде NEET санатындағы жастар үшін баскетбол, волейбол және футбол бойынша турнирлер өткізу, белгілі тұлғалардың, әлеуметтанушылар мен психологтардың қатысуымен қиын жасөспірімдерге арналған мамандандырылған мектептерде, оның ішінде есепте тұрған жастарға арналған түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бос уақытын спорттық іс-шаралар арқылы тиімді пайдалану, атап айтқанда, түзеу колонияларында жазасын өтеуші жастар арасында армрестлингтен, арқан тартудан және гир көтеруден жарыс өткізу, сондай-ақ мәдени ойын-сауық орталықтарына тегін бару жұмыстарын ұйымдастыру.





Күтілетін нәтижелер: базарларда жұмыс жасайтын жұмысшы және ұйымдастырылмаған жастарды тарту барысында NEET санатынан шығарып, әрі қарай жұмысқа орналастыру. Сондай-ақ жастардың NEET санатынан еңбек нарығына өтуін жақсарту мақсатында, жастар ортасынан жаңа қоғамдық пікір көшбасшыларын өсіру арқылы әрбір қатысушының ақпараттық базасы жасалады.



«ҮЗДІК» ЖОБАСЫ

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: Жастар арасында жұмысшы мамандықтарының имиджін жақсарту және танымал ету және NEET санатынан жаңа қоғамдық пікір көшбасшыларын өсіру;

Міндеттері:

NEET санатындағы жастарды әлеуметтік-білім беру және мәдени-спорттық өмірге тарту.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Астана қаласының 14-29 жас аралығындағы жастары, оның ішінде NEET санатындағы жастар.

Жүзеге асыру механизмдері: 27 маусымда «Үздік» жобасы бастау алып, оның шеңберінде жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен гранттар бойынша ақпараттық буклеттер тарату ұйымдастырылды. 4500-ден астам адамды қамти отырып қалалық 27 базардың 18-і бойынша ақпараттық буклеттер тарату ұйымдастырылды.

24 тамызда «Үздік шиномонтажшы-2022» номинациясы бойынша байқау сәтті аяқталды, сайыс барысында 2 адамнан тұратын 6 команда 1 орынға таласты.

Ағымдағы жылдың

26-27 қыркүйегінде «MILLIONAIRE» мейрамхана -караокесінде жалпы саны 40 адамды қамтитын «Үздік даяшы -2022» және «Үздік бариста-2022» номинациялары бойынша конкурстар өтті.





Күтілетін нәтижелер: «Үздік» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар жоспарланған, атап айтқанда техникалық қызмет көрсету және әлеуметтік қызметтер саласында жұмыс жасайтын жастар арасында, сондай-ақ NEET санатындағы жастар арасында 5 бағыттағы 15 номинация бойынша байқау ұйымдастыру («Үздік сантехник-2022» және «Үздік жүк тиеуші-2022»), негізгі мақсаты жастар арасында жұмысшы мамандықтарының имиджін жақсарту және танымал ету болып табылады.

Сондай-ақ, шет тілдерін оқыту, жылдам оқу, бизнес-тренингтер, қаржылық және компьютерлік сауаттылық, құқықтық және психологиялық кеңес беру және тілдік курстар бойынша семинар-тренингтер өткізу жоспарланған.



«ҮЗДІК ШЕБЕР – 2022» ҚАЛАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

Солтүстік Қазақстан облысының
«Қоғамдық даму және ақпарат орталығы» КММ

Мақсаты: талантты, шығармашыл, жұмыс істейтін жастарды анықтау және қолдау, жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, кәсіби тәжірибе алмасу.

Міндеттері:

- Әр түрлі салаларда одан әрі кәсіби даму үшін дағдыларды игеру.
- Жастардың кәсіби қарым-қатынасы, тәжірибе алмасу.
- Жастардың білімі мен дағдыларының шектерін кеңейту және шеберлігін арттыру.
- Жас мамандардың кәсіби өсуіне жағдай жасау.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Петропавл қаласының ұйымдарының қызметкерлері, 35 жасқа дейінгі өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар. Дәнекерлеушілер, тас қалаушылар, сантехниктер, флоростер мен барберлер өз салаларында ең жақсысы атану үшін жарысты.

Күтілетін нәтижелер:

1. Адамның еңбек мәртебесін және жұмысшы кәсіптердің беделін арттыру.
2. Өз дағдыларыңызды көрсетуге мүмкіндік беру.
3. Кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу тәжірибесін кеңейту.
4. Кәсіби шеберлік дағдыларын көрсеткеннен кейін қала кәсіпорындарына/ұйымдарына конкурсқа қатысушыларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.





БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ БАР ДАҒДЫЛАРЫН, ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ЖӘНЕ ДЕРБЕСТІГІН ДАМУ «BILIM WAY» ЖОБАСЫ

«Жетісу облысының
жастар ресурстық орталығы» КММ


Мақсаты: ағылшын тілі курсының үлгерімі төмен оқушыларға тегін оқыту.

Міндеті: ағылшын тілін тегін оқыту.

Жүзеге асыру механизмі: жобаның мақсатты аудиториясы мектептердің 6,7,8,9 сынып оқушылары болып табылады. Дағдылар мен білімге қойылатын талаптарға сәйкес мақсатты аудиторияны білім алушылардың дайындық деңгейі бойынша мақсатты топтарға бөлу ұсынылады.

Топты қалыптастыру рәсімі мектеп әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады, ол мектеп оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін тест кезеңін өткізеді.

Күтілетін нәтижелер: қатысушылардың білім деңгейін арттыру.



**«TIME TO CHANGE»
«ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ЖЕКЕ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ
МЕКТЕБІ»**

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және кәсіптік бағдар беру жастарды кәсіпкерлік дағдыларға үйрету, бизнес-жоспарлар жазуға көмектесу. Оқымайтын, еш жерде жұмыс жасамайтын және кәсіби оқыту курстарына қатыспайтын NEET санатындағы жастардың санын азайту, оның ішінде 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар үлесін азайту және алдын алу шаралары.

Міндеттері:

- студенттердің және оқушы жастардың, ұйымдастырушылы, аналитикалық, шығармашылық, ғылыми және басқа да қабілеттерін дамыту;
- басқарушылық шешімдер қабылдауды үйрету, бастамашылық пен дербестікті дамыту, басқару дағдыларына үйрету;
- өз ұстанымын қалыптастыру және қорғауды үйрету, студенттердің көшбасшылық әлеуетін анықтау және іске асыру білігін дамыту.

Жобаның мақсатты аудиториясы: NEET санатындағы жастар, студенттер, 14 пен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастар (жылына 1000 адам).

Жүзеге асыру механизмдері:

Тренингтер жылына 1000 адамға арналған 330 сағаттық оқуды қамтиды. Ай сайын тыңдаушылар саны тең-3 топ шығарылады. Тыңдаушыларының саны-кемінде 25 адамнан тұратын 1 курс 10 сағат көлемінде өтеді. Әр тренинг аяқталғаннан кейін сертификаттар беріледі.



Бірінші жартыжылдықта 17 тренинг өткізілді.

Тренингтерді бизнес-тренерлер, Шешендік өнер шеберлік жаттықтырушылары: Айбатыр Турешев, Акбердиев Арман, Акерке Берлибай, Лола Шакимова, Эмин Аскеров, Рабиға Гаппарова, Алтай Мухтарович, Нугман Жұлдызбаев, Ляззат Сванкулова, Айгуль Аубакирова, Гүлжанат Саренова, Зубираш Смагулова мен Гүлнар Жаксыбаева, Еркінбаев Қайсар. Тренингтер: «Көшбасшы.Шешен.Коммуникатор», «Кәсіпкерлік негіздері, мемлекеттік

грантарды қалай алуға болады?», «Турбуленттік дәуірдегі коммуникациялар», «мен көшбасшымын!», «Кез келген дауды шешу жолдары», «Бизнес саласындағы жаңа тренд -Әлуеметтік кәсіпкерлік», «Заманауи онлайн мамандықтар және әлеуметтік желіде табыс табу», «Іскерлік ойлау қабілеті және прагматизм», «Как вести свой блог и зарабатывать на нем» и «Өз-өзіңе жарнама жасап үйрену», «Сөз өнері», «Жастарға арналған қаржылық сауаттылық», «Тайм менеджмент», «Өзін-өзі дамыту тұлғалық тиімділік», «Ойлау дизайні», «Стартап жобаны бастау және питчингке дайындық».

Тренингтер оффлайн форматта Тұран 14 мекен-жайы бойынша орналасқан «FOR JASTAR» коворкинг орталығы, «Esil University», Vinom school, АІУ университеті және Жоғарғы сауда-экономикалық колледждерінде өтті.

Барлық қатысушылар сертификаттармен марапатталды.

Күтілетін нәтижелер: NEET санатындағы жастардың soft skills деңгейін арттыру, оқытуға қатысушылардың ұйымдастырушылық, аналитикалық, шығармашылық, ғылыми және басқа да қабілеттерін дамыту.



«ЖАС САЯСАТКЕР» ПІКІРСАЙЫСШЫЛАР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

Ақтөбе облысының
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: жастар арасында саяси мәдениетті қалыптастыру және саясатқа баулу. ЖОО мен кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері арасында пікірсайыс турнирін өткізу арқылы жастарға еліміздің қарқынды дамуын насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және студенттер арасында пікірсайыс қозғалысын дәріптеп, сендіру өнерін дамыту.

Міндеттері:

- ЖОО өмірінде білім алушылардың белсенділігін ынталандыру;
- Жастар арасында патриотизмді насихаттау, арттыру;
- Студенттерді қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауға тарту;
- Пікірсайысқа қатысушылар арасында шешендік қабілеттерін қалыптастыру;
- Саяси процестерді талқылау үшін алаң құру.

Жүзеге асыру механизмдері:

«Жас саясаткер – пікірсайысшылар мектебі» аясында ағымдағы жылда 3 облыстық турнир өткізіліп 200 ге жуық жас қатысты. Атап айтқанда:

5 ақпан күні Дінмұхаммед Қонаевтың 110 жылдығына орай облыстық турнир ұйымдастырылды.

«1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» орай «Бейбітшілік-ел тірегі» тақырыбындағы пікірсайыс турнирі.

25 қазан - Республика күніне орай, студенттер арасында “Жас саясаткер” атты облыстық пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды.

Турнирлерде жетістікке жеткен барлық пікірсайысшылар жастар орталығы атынан бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды. Жоба 3 жыл бойы жұмыс жасауға жоспарланған.

Күтілетін нәтижелер: пікірсайыс технологиясы арқылы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Ораторлық қабілеттерін дамытып қосымша білім беру процессін енгізу. Қаладағы пікірсайыс клубтарын қолдау және дамыту. Жастар арасында саяси нигилизмді жою.



«NUR-SULTAN DEBATE CUP-2022»

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: елорда жастарының әлеуметтік, интеллектуалдық, психологиялық және жеке дамуына бағытталған.

Міндеттері:

- интеллектуалдық даму;
- қиын өмірлік жағдайдағы өзін-өзін ұстау;
- патриоттықты дамыту;
- шешендік дағдыларды дамыту;
- рухани даму.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14-29 жас аралығындағы жастар 600 адам.



Жүзеге асыру механизмдері: Пікір-сайыс турнирінде екі жақ тиісті тақырыптар бойынша нақты құрылымдық және арнайы дайындалған идеялар алмасады. Қоғамдық талқылау пікір-таласқа қатысушылар бір-бірінің емес, үшінші тарапқа өз ойларының дұрыс екендігіне дәлелдеп жеткізу үшін арналған ашық алаң болып табылады. Аталмыш турнир жыл бойы, Астана қаласындағы жоғары және арнайы орта оқу орындарының студенттері үшін оффлайн және/немесе онлайн форматта ұйымдастырылады.

2022 жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейін ЖОО арасында дебаттық турнирлер 7 рет, сонымен қатар ОАОО арасында 7 рет ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, әкім кубогы үшін 2 қорытынды турнир ойындарын өткізу жоспарлануда. Әр турнирге жоғары оқу орындары мен ОАОО-ның 50-ге жуық студенті қатысады.



«ЗАҢДЫ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ» ЖОБАСЫ

«Шалқар ауданының
жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша, сонымен қатар жасөспірімдердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында ақпараттық түсіндіру және профилактикалық түнгі рейд жұмыстарын ұйымдастыру. Жастарды қоғамдық ортаға бейімдеу.


Міндеттері:

- жастар арасындағы қылмыстың төмендеуі;
- ақпараттық науқанды ұйымдастыру;
- жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Жүзеге асыру механизмдері:

Аталмыш жұмысты жүргізу мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығы жыл сайын құқық қорғау органдарымен яғни, полиция бөлімі, пробация бөлімімен Меморандум жасақтап құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар өткізіп отырады. Дәстүрге сәйкес «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында құқықбұзушылық форумы өткізіліп отырады. «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектепте бере алмайды» тақырыбында білім ордаларындағы жасөспірімдерге құқықтық сауаттылық бойынша құқық қорғау органдарымен бірлесе ауқамды шаралар ұдайы өткізіліп отырады.

Сонымен қатар еріктілер қатарынан құрылған «Жас сақшы» тобының құрамында 11 жас бар. Барлық жастар арнайы «Полицияның қоғамдық көмекшісі» атты арнайы куәлікпен қамтамасыз етілген. «Жас сақшы» тобының белсенділеріне полиция тарапынан көтерме сыйақы беріліп отырады. Сонымен қатар, қоғамдық жерлерде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша полиция қызметкерлерімен аптасына 3 рет профилактикалық түнгі рейд жұмыстарын үздіксіз ұйымдастырып отырады. Осындай қажырлы еңбектің арқасында 2022 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Умаровтың алғыс хатымен марапатталды.



Жастар орталығының заңгері мен психологы пробация қызметі есебінде тұрған жастарды қоғамға бейімдеу мақсатында ай сайын тұрғылықты мекен жайы бойынша пробация қызметкерлерімен бірлесе арнайы анкета толтырып, деректемелеріне жаңарту жұмыстарын жүргізіп отырады. Жұмыс барысында

мемлекеттік бағдарламалар мен қолданыстағы жобаларды ақпараттандыра отырып, олардың қамтылуына ықпал жасайды. Сонымен қатар қоғамдық шараларға белсене араласуына жағдай туғызып, еріктілер қатарынан «Қыран» волонтерлық тобы құрылып жұмыс жасауда.

Күтілетін нәтижелер: атқарылған жұмыстар нәтижесінде жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру. Сонымен қатар жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, бағдарламалар аясында мінез құлқы девиантты, шартты сотталған жастардың жұмыспен қамтылу шарасын жүргізу. Жастар арасында қылмыстың азаюна үлесу қосу.



ПРОЕКТ «АҚПАРАТ АЛАҢЫ»

«Тараз қаласының
жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Жас журналистердің журналистік тәжірибесін арттыру.

Міндеттері:

- Журналист болғысы келетін жастарды жергілікті БАҚ-мен және газет редакцияларымен бірлесе отырып тренингтер мен практикалар ұйымдастыру.
- Жоба арқылы жас журналисттердің журналистік тәжірибесін арттыру.
- Блогер немесе әлеуметтік желі жүргізгісі келетін жастарға блогерлікті, SMM, таргет маманы болуды үйрету.
- Әлеуметтік желіні дұрыс қолдану және дұрыс жүргізуді үйрету және әлеуметтік желі беттеріндегі материалдарды саралау.
- Ақпараттық сауаттылықты арттыру.
- Дұрыс ойлау мен жазуды үйрету.
- Провокациялық және жалған фейк ақпараттарды анықтау және оларға қарсы иммунитетті қалыптастыруды үйрету.
- Дұрыс аналитика жасау, провокациялық және жалған ақпаратқа қарсы иммунитеттің болуының қазіргі қоғам үшін маңыздылығын түсіндіру.



Жобаның мақсатты аудиториясы: жас журналистер, блогерлер.

Жүзеге асыру механизмдері:

Осы жоба бойынша оқыту бірнеше блоктан тұрады. Курстар аптасына екі рет екі сағаттан өткізіледі. Бір курс 16 сағаттық оқудан тұрады. Курс қорытындысы бойынша қатысушылар сертификаттар алады.

Күтілетін нәтижелер:

Жас журналистердің журналистік тәжірибесін арттыру. Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануды және дұрыс жүргізуді үйрену арқылы жастар ақпарат талдауын жүргізіп, жалған ақпаратқа иммунитетті қалыптастыра алады.

ЖАСТАРДЫ ОҚИТУ БОЙЫНША «ЖАСТАР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

«Приозерск қаласының
жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: жастардың жеке дамуына жағдай жасау, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ынталандыру.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Приозерск қаласының 14 пен 29 жас аралығындағы жастары.

Жүзеге асыру механизмдері:

Осы жоба аясында жастардың біліктілігін арттыру мақсатында келесі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіледі:

- «English for Jastar» жобасы

Оқыту курсының мақсаты: Курс аяқталған соң тыңдаушылар ағылшын тілін меңгерудің қажетті деңгейіне жетуі тиіс.

Тыңдаушылар саны жастар арасынан 20 адамды құрайды. Ағылшын тілін оқыту деңгейі: А1 - базалық деңгей, сағат саны - 120, ал курстың ұзақтығы-үш айды қамтиды.



- «Жас кәсіпкерлер мектебі»

Жобаның мақсаты: жастар арасында кәсіпкерлік қызметті насихаттау, қолдау және кәсіпкерлік бағыттағы білімдерін арттыру болып табылады. Оқытудың негізгі бағыты қатысушылардың теориялық және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қатысушыларды оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Курстың жалпы ұзақтығы 20 сағаттан кем болмауы қажет.

- «Jastar online мектебі»

Жобаның мақсаты: жастар арасында заманауи мамандықтарды насихаттау және біліктіліктерін арттыру болып табылады. Жобаға 16 жастан 28 жасқа дейінгі

(қоса алғанда) жастар қатыса алады. Жастарға арналған «Jastar online мектебі» оқыту кешені аяқталған соң, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

- «Мен дара тұлғамын» семинар-тренингі

Семинардың мақсаты – жастардың бойында көшбасшылық қабілетін қалыптастыру, біліктілігін арттыру және мақсатқа жету жолында өздеріне деген сенімділікті арттыру болып табылады.

Семинар келесі бөлімдерді қамтиды: «Бақытты өмір сүру жолдары», «Мақсаттарға жету технологиясы», «Шынайы көшбасшы», «Ораторлық қабілет». 6 сағатты қамтыған семинар-тренинг барысында 4 бөлімнен тұратын сабақ өткізіліп, кофе-брейк және түрлі ойындар ұйымдастырылып, жастар өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөліседі. Қатысушыларға аталмыш тақырып бойынша бейнематериалдар көрсетіледі және парақшалар таратылады. Оқу аяқталғаннан кейін қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Күтілетін нәтижелер: Жобаны іске асыру тұтастай алғанда жастардың әлеуетін дамытуға, өз бетінше білім алуға және жаңа білім мен дағдылар алуға жағдай жасауға ықпал ететін болады.



ЖМС ІСКЕ АСЫРУ САЛАСЫНДА ТӘЖІРИБЕЛІ ЖӘНЕ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ТАРТА ОТЫРЫП, ЖРО МАМАНДАРЫН ОҚЫТУҒА ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЯРЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІ (ОҚЫТУ СЕМИНАР-ТРЕНИНГТЕРІН, СЛЕТІН ӨТКІЗУ).

«Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Жастар ресурстық орталықтарының басшылары мен қызметкерлерінің, аудандық ІСБ мамандарының, қалалар мен аудандардың ЖРО басшылық ететін ауылдық округ әкімдіктерінің мамандарының, ЖРО психологтары мен заң кеңесшілерін біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Облыстың жастар ресурстық орталықтарының басшылары мен қызметкерлері, қалалар мен аудандардың ЖРО басшылық ететін ІСБ мамандары, ауылдық округтер әкімдіктерінің мамандары, жастар ісі жөніндегі комитеттердің мамандары, психологтары мен заң кеңесшілері.



Жүзеге асыру механизмдері:

Жастар ресурстық орталықтары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының оқыту семинар-тренингтерін өткізуге жыл сайын қаржы бөледі.

Семинар-тренингтерді өткізу қалалар мен аудандардың ЖРО қызметін үйлестіру қажеттілігіне негізделген, сондай-ақ жастар саясатына жетекшілік ететін ауылдық округ әкімдіктерінің жанындағы мамандар жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ, семинар қалалар мен аудандарда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласындағы негізгі проблемалық мәселелерді талқылау және жастармен жұмыс тиімділігіне талдау жүргізу алаңы болып табылады.

Күтілетін нәтижелер: Сабақтарды өткізу кезінде материалды ұсынудың әртүрлі формалары қолданылады. Тыңдаушылардың пікірлері бойынша өткізілген тренингтер тақырыптың өзектілігін көрсетіп, қатысушыларға оң әсерін тигізуде. Семинарлардың қорытындысы бойынша жаттықтырушылар жастар ресурстық

орталықтарының қызметін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар беретін әдістемелік құралдар дайындайды.

Семинар-тренингтерге жыл сайын облыстың барлық өңірлерінен жастар жұмысының 120-дан астам маманы қатысады.



«ЖАҢА МЕДИА ЖӘНЕ SMM ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ЖӘНЕ МЕДИА ТОП ҚҰРУ» ЖОБАСЫ

«Қостанай облысының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: білім беру, тәжірибе мен портфолио алу мүмкіндігі арқылы жас журналистер мен белсенді жастарға арналған әлеуметтік лифт ұйымдастыру

Міндеттері:

- Ұғымдарды зерттеу: медиа, БАҚ: Баспа, радио, теледидар, әлеуметтік желілер, жеке блог;
- Мақала, репортаж, фототүсірілім, фоторепортаж, ескерту, бейнені түсіру, монтаждау және постөңдеу, әлеуметтік парақты жүргізу ережелері тақырыптары бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыру. желілер, жеке блог жүргізу ережелері;
- Фото және видео монтаждау бағдарламаларын зерттеу;
- Медиясфераның шығармашылық қызметіне баулу арқылы адамгершілік, шығармашылық әлеуетті дамыту үшін жағдай жасау;
- Тұлғаның зияткерлік, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14 пен 29 жас аралығындағы жастар.



Жүзеге асыру механизмдері:

Ақпараттық сүйемелдеудің Медиа-жоспарын әзірлеу және іске асыру, облыстық БАҚ-та кемінде 3 жарияланым, әлеуметтік желілерде жобалық қызметті жариялау;

Мектеп жұмысының тұжырымдамасын түсіндіру, қатысушылардың нақты тізімін жасау, жалпы жоспар құру. Медиа-мектепке қатысушылар саны-кемінде 20 адам;

Медиа-Мектептің барлық қатысушыларын блокноттармен және ұйым логотипі бар қаламдармен қамтамасыз ету, А4 форматындағы медиа-Мектептің барлық қатысушылары үшін барлық 3 оқу блогын аяқтағаннан кейін сертификаттар

ағаш жақтауда. Ұйымның логотипі және медиа мектеп туралы ақпараты бар 2x3 Баннер;



Кәсіби Түсірілім мен кәсіби жабдықтарды (штатив, сақиналы шам, петлицалық микрофон, тұрақтандырғыш) қолдана отырып, облыстың студенттерімен және белсенді жастарымен бейнероликтер мен ақпараттық брошюраларды тарату;

Медиа-мектепке қатысушылардың жалпы өнімі – Ахмет Байтұрсынов туралы «Маса» YouTube жобасы, оған кемінде 10 стрит-сауалнама, 7 конкурс және 10 челлендж, сондай-ақ кемінде 3 сұхбат шығарылымы кіреді;

Жаңа бұқаралық ақпарат құралдарымен кемінде 10 кездесу, кәсіби журналистерді тарта отырып, посттар жазу бойынша 10 мастер-класс өткізу. Фотошоппен және бейне редакторлармен жұмыс. Құзыретті спикерлерді тарта отырып, кемінде 20 сабақ;

SMM және жаңа медиа бойынша Республикалық маңызы бар кемінде 2 спикерді тарту. Бір спикердің жұмысы кемінде 2 күн;

Күтілетін нәтижелер: жас журналистердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, қатысушылардың зияткерлік және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.



«ПРАВОВОЕ ПОЛЕ» ЖОБАСЫ

«Лисаковск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру.

Міндеттері:

- жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі форматтағы іс-шараларды өткізу (викториналар, консультациялар, әңгімелер, кездесулер, дөңгелек үстелдер, зияткерлік ойындар, тренингтер);
- жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру;
- іс-шаралар интеллектуалды, шығармашылық және практикалық бөлікті біріктіреді.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.

Жүзеге асыру механизмдері:

2022 жылдың ақпан айынан бастап «Құқықтық өріс» жобасы жүзеге асырылуда.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Лисаков техникалық колледжінің студенттерімен «Қазақстан Республикасының Бала құқықтары» викторинасы өтті. Балалар викторина сұрақтарына жауап беріп, құқықтарды бұзу туралы ситуациялық мәселелерді шешті.



Күтілетін нәтижелер:

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы азаматтардың құқықтық мәдениетін дамыту процесінен бөлінбейді. Құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың құқықтық санасын дамыту-тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды критерийлері.



IQ ZHASTAR ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСЫ

Шымкент қаласының
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Жастар арасында креативтілік, коммуникативтілік, командада жұмыс істей білу, сыни ойлау, ораторлық қасиеттерін дамыту.

Міндеті: Жастарды логикалық ұшқырлыққа, тапқырлыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу. Қаладағы әр сала бойынша жас мамандардың күнделікті жұмыстан бір сәт бас көтеріп, назарларын басқа жаққа аударып, санасын сергітіп, білімдерін ширатып тереңдету. Жастардың ұжымдық өмірінен тыс уақытын қызықты етіп өткізу арқылы IQ анықтау, сонымен қатар, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Шымкент қаласы басшылығы, қала тұрғындарының арасынан іріктелген 80 қатысушы, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері және жоғары сынып оқушылары, жастар қоғамдық ұйымдар, байқау жеңімпаздары, волонтерлер, белсенді жастар және т.б.

Жүзеге асыру механизмдері:

Сайысқа жалпы саны 80 қатысушы іріктелініп алынады.

1 – орын - 1 (біреу) - Шымкент қаласы әкімінің арнайы дипломы, статуетка мен бағалы сыйлық (ноутбук),

2 – орын - 1 (біреу) - Шымкент қаласы әкімінің арнайы дипломы, бағалы сыйлық (ноутбук),

3 – орын - Шымкент қаласы әкімінің арнайы дипломы, бағалы сыйлық (ноутбук) марапатталады.

Күтілетін нәтижелер: жастардың оқуға және жаңа білімге деген қызығушылығын арттыру, креативті және сыни ойлауды дамыту.





ЖАСТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН ЖАНДАНДЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

«REAL BUSINESS» АТТЫ БИЗНЕС ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

*«Қаратал ауданының
жастар ресурстық орталығы»*

Мақсаты: Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту, Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында айтып өткендей экономикалық өсімнің жаңа моделін құру.

Міндеттері:

- Конкурс ережесін әзірлеу;
- Конкурсты ұйымдастыру және өткізу;
- Жеңімпаздарды анықтау.

Жобаның мақсатты аудиториясы: өз бизнесін құруға мүдделі жастар.

Жүзеге асыру механизмдері: жастар арасында бизнес-жоспарды пайдалану және жетілдіру, Даму стратегиясы мен құру жолдарын қарастыру және жалпы бизнес-жоспарды талдау. Бизнеске жаңадан келгендерге келген азаматтарды қолдау мақсатында «REAL BUSINESS» бизнес-жобалар конкурсы ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында үздік 10 жоба іріктеліп, алғыс хаттармен марапатталып, арнайы сыйлықтар табысталды. Қажетті қаражат 2 млн.

Күтілетін нәтижелер: конкурс өткізу және жеңімпаздарды анықтау.



«МЕЙКАТОН «ТОМ KAZAKHSTAN»

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: оңалтудың техникалық құралдарының прототиптерін жасау арқылы ДМШТ (денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлға) тұрмыстық мәселелерін жеңілдетуге дайын белсенді, бей-жай емес жастар қауымдастығын қалыптастыру.

Қазіргі уақытта шешімі жоқ немесе техникалық оңалту құралдары тым қымбат тұратын жеке тұрмыстық проблемаларды шешу.

Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі адамдардың нақты тұрмыстық мәселелерін жинау және зерделеу;
- мүмкіндігі шектеулі адам тұрмыстық мәселелерін шешуді талдау және іздеу;
- жастарды идеялармен алмасуға және шешімдер әзірлеуге тарту;
- әлеуметтік бағдарланған технологиялар саласында нарыққа жаңа қолжетімді өнімдер мен қызметтерді шығаруға байланысты жастардың перспективалық идеялары мен бастамаларын дамыту.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14-19 жас аралығындағы жастар, 200 адам.



Жүзеге асыру механизмдері:

2019 жылдан бастап өнертапқыштар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды біріктіретін «Мейкатон» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда. Мақсаты: пайдалануға ыңғайлы, дайындауға оңай және бағасы бойынша қолжетімді, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамға бейімдеуге және олардың толыққанды өмір сүруін ұйымдастыруға бағытталған прототиптер жасау.

«Мейкатон» іс-шарасы аясында келесіге қол жеткізілді: - қатысушы командалар Брайль әліпбиін үйрететін нашар көретін адамдарға арналған құрылғыны; - мүмкіндігі шектеулі жандардың арбаларын көтеретін мобильді баспалдақ көтергішін, - есту қабілеті шектеулі адамдарға арналған білезікті ойлап тапты;

Жоғарыда аталған өнертабыстар прототип сатысында қалып қалған жоқ және мүмкіндігі шектеулі жандар туындыларды сәтті пайдалануда.

Күтілетін нәтижелер: мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетуге және олардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүдделі бей-жай қарамайтын жастардың санын көбейту.



ЖАСТАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ «АРТ-ТЕРАПИЯ РЕЛАКСАЦИЯ ӘДІСІ РЕТІНДЕ» ЖОБАСЫ

«Лисаковск қаласының
жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: жастар үшін арт-терапия ұйымдастыру және өткізу.

Міндеттері:

- позитивті ойлауды қалыптастыру;
- шығармашылық мүмкіндіктерді дамыту;
- жаңа таланттардың ашылуы.

Жобаның мақсатты аудиториясы: «Арт-терапия релаксация әдісі ретінде» жобасы 14 пен 29 жас аралығындағы барлық жас топтарының санаттарына (оқушылар, студенттер, жұмысшы жастар) арналған.

Жүзеге асыру механизмдері:

«Арт-терапия релаксация әдісі ретінде» жобасы – бұл адамның санасы мен түйсінген арасындағы, ақыл мен сезім арасындағы, жанның қатысуын талап ететін және оның сұлулыққа енуіне мүмкіндік беретін көпір. Жобаға қатысушылар мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедектігі бар адамдар, психохроникалық аурулары бар адамдар, пробация қызметтерімен есепке алынғандар.

Жастар ресурстық орталығының психологы Лисаков техникалық колледжінің жатақханасы базасында арт-терапия элементтерімен тренинг өткізді. Тақырыбы: «Тілектер картасы».

Армандар орындалады, сіз тек дұрыс армандауыңыз керек және өз тілектеріңізді рәсімдеуіңіз керек.

Картаны құру: өзіңізді түсіну, шынайы тілектеріңізді, мақсаттарыңызды, міндеттеріңізді және олардың материалдық әлемде көрінуін түсіну, өз шындығыңызды құруды үйрену.



Күтілетін нәтижелер:

Арт-терапия арқылы психологиялық мәселелерді шешу; жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесуінің жаңа формаларын анықтау; ойлау икемділігін арттыру және өзгерістерге бейімделу.



ЖАСТАРҒА ӨТЕУСІЗ НЕГІЗДЕ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ

ЖАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ (ЖҚКО)

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: жастарға қызмет көрсету орталығы НЕЕТ санатындағы жастар және маргиналды жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру, жастар бастамаларын қолдау, тұрғын үй мәселелеріне байланысты мемлекеттік бағдарламалар бойынша сүйемелдеу және түсініктеме жұмыстарын жүргізу, психологиялық және құқықтық көмек көрсету, спортты насихаттау және жастарға спортты қолжетімді ету

Жобаның мақсатты аудиториясы: НЕЕТ санатындағы жастар, студенттер, 14 пен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастар.

Жүзеге асыру механизмдері: 2022 жылғы 11 наурызда жастарды жұмысқа орналастыру, кәсіптік бағдарлау, тұрғын үй, волонтерлық, бос уақытты тиімді пайдалану, аула клубтары және т.б. мәселелер бойынша кеңес беру мақсатында Байқоңыр ауданы Алаш тасжолы 34/5 мекенжайы бойынша жастарға қызмет көрсету орталығының ашылуы өткізілді.

Қазіргі уақытта Астана қаласының барлық аудандарында жастарға қызмет көрсету орталықтары ашылып, 1500-ге жуық адамға кеңес берілді.

Өтініш түрлері: аула клубтары, волонтерлық қызмет, жас кәсіпкерлік, жеңілдікпен несиелендіру, сондай-ақ өтініштердің 80-90% кәсіби бағдар беру, жұмысқа орналасу және тұрғын үй мәселелері бойынша болды.

2022 жылдың 4 мамырында Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі - Наталья Павловна Калашниковамен тікелей эфир өтті.



Күтілетін нәтижелер: Астана қаласының жастары үшін бір терезе қағидаты бойынша орталық құру.



«КЕҢЕС БЕРУ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ

«Тараз қаласының
жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: жастарға тегін кеңес беру, халық арасында мемлекеттік бағдарламаларды дәріптеу.

Міндеттері:

- Көшпелі консультациялық топтарды ұйымдастыру;
- Сауда орталықтарында консультация өткізу;
- Халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлескен жұмыс.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14 - 29 жас аралығындағы жастар.

Жүзеге асыру механизмдері:

Қалада орналасқан ірі сауда орталықтарында тиісті сала мамандарын тарта отырып, жастарға айына 1 рет тегін консультациялық алаңдар ұйымдастырылады.

Күтілетін нәтижелер:

Жастар мемлекеттік бағдарламалар бойынша мағлұматтар, құқықтық кеңестер алды. Кәсіп ашқысы келетін, жұмысқа орналасқысы келетін жастар сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын алды.



ЖАСТАР ОРТАСЫНДА ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУ

«ВОЛОНТЕРЛАР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: Астана қаласында ұйымдастырушылық және қазіргі заманғы әлеуметтік ойлау қабілеті бар волонтерлардың бірыңғай командасын құру.

Міндеттері:

- Астана қаласында волонтерлардың бірыңғай базасын құру;
- волонтерларды заманауи әдістемелерге оқыту;
- жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту;
- ардагерлерді, аз қамтылған және қарттарды жүйелі қолдау.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14-29 жас аралығындағы жастар, жоғары сынып оқушылары, ЖОО және колледж студенттері.

Жүзеге асыру механизмдері: Әр ай сайын «Волонтерлар мектебінде» бір топ волонтер оқиды. Бұл даму бағдарламасы түрлі бағыттар бойынша волонтерларды дайындайды. Бағдарламаға ел тарихын білу, Астана қаласының көрікті жерлері, алғашқы медициналық көмек көрсету, төтенше жағдайда көмек көрсету, әлеуметтік мекемелердегі жұмыс бойынша модульдер және халықаралық іс-шараларда жұмыс істеу дағдылары енгізілген. Оқыту курсы аяқталғаннан кейін түлектер үшін тестілеу жүргізіледі және сертификаттар беріледі.



Күтілетін нәтиже: Осы жобаны іске асыру барысында 2000-нан астам адам білім алды. Жоба барысында волонтерлар «EXPO 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі, «Cities Mayors Forum Global Silk Road», «World Para Powerlifting Championships Nur-Sultan-2019», триатлоннан Әлем кубогы «ITU World Cup» және «IV KWU Kyokushin World Championship», Папа Римский Мессасы және қаланың басқа 1400 іс-шараларында іс жүзінде қолданған кәсіби білімдерін шыңдады.



«TAZA ALEM»

«Астана жастары» КММ

Мақсаты: жастарды қоршаған ортаны қорғауға, өзендер мен ормандарды табиғи және тұрмыстық қоқыстардан тазартуға, ағаш отырғызуға, қоқысты сұрыптауға үйрету.

Міндеттері: экологиялық мәдениетті және өскелең ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Жобаның мақсатты аудиториясы: 14-29 жас аралығындағы жастар
1000 адам

Жүзеге асыру механизмдері:

«Taza Alem 2022» жалпы экологиялық сенбілігі - бұл табиғатқа ұқыпты қараудың практикалық сабағы, қоғамды біріктірудің, әрқайсысында жауапкершілікті оятудың бір тәсілі. Сенбілік екі маусымнан тұрады: жазғы және қысқы.

«Taza Alem 2022» жалпы экологиялық сенбілігі бойынша қысқы сенбіліктер саны 20, ал жазғы 10.

Күтілетін нәтижелер: экологиялық сананы қалыптастыру.



ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІН ДАМЫТУҒА ЖӘНЕ ҚОЛДАУҒА ГРАНТТАР БЕРУ ЖОБАСЫ

«Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Азаматтарды волонтерлік қызмет практикасына тарту үшін тиімді механизмдер мен қолайлы жағдайлар жасау арқылы волонтерлікті дамыту.

Міндеттері: еріктілер мен еріктілер ұйымдарына гранттар беру.


Жобаның мақсатты аудиториясы: Кездесулерді ұйымдастыру кезінде волонтерлік саласындағы бағдарламаларды/жобаларды іске асыруда тәжірибесі бар өтініш берушілерге басты назар аударылады.

Жүзеге асыру механизмдері:

Гранттар жылына бір рет беріледі, нәтижелерді жариялау салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

Гранттардың жалпы сомасы 3 000 000 теңгені құрайды, әрбір гранттың сомасы 300 000 теңгені құрайды. Комиссия төрағасы - Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлиқұлов Ербол Шымкентбайұлы.

Күтілетін нәтижелер: Волонтерлікті қолдауға және дамытуға 500 000 теңге мөлшерінде гранттар беру. Конкурс қорытындыларын өткізу.



ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ

Қызылорда облысының
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: халықтың әлеуметтік осал топтарынан көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау.

Міндеттері:

- әлеуметтік-аз қамтылған отбасыларды, жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау;
- қайырымдылықты насихаттау.



Жүзеге асыру менизмдері:

«Қайырымды істер марафоны» жобасы аясында орталық жанынан ашылған «Әлеуметтік дүкен» жұмыс атқарады. Осы күнге дейін әлеуметтік дүкенге еріктілер, қала тұрғындары және 56-ға жуық жеке кәсіпкерлер өздерінің көмек ретінде пайдалануға жарамды заттарын беріп, қолдау көрсетіп келеді және аталмыш көмекті тұрақты түрде 395-ке жуық аз қамтылған қала тұрғындары алып отыр.


Атап айту керек, әлеуметтік дүкен орталықта ғана жұмыс жасамай, көшпелі түрде де қызмет атқарады. Әлеуметтік дүкендегі мұқтаж отбасыларға жаңа және қолданыста болған, дегенмен сапасы жақсы, күтіп қаралған, пайдалануға жарамды тауарларды тарату мақсатында 11 әлеуметтік жәрмеңке ұйымдастырылды (Тасбөгет, Белкөл кенттері «Байтерек», Титов мөлтек аудандары, «Сабалақ», «Ягодка» саяжайларында, Қараөзек ауылдық округы, Жастар орталығы аумағында).

Қазіргі таңда, 2184-ге жуық отбасыға көмек берілді (оның ішінде 1789-ға жуық отбасы әлеуметтік жәрмеңкесінен).

Тұрғындар жастар орталығына және барша игі іске атсалысқан еріктілер мен қала тұрғындарына алғыстарын білдірді.

Сонымен қатар, жоба аясында «Донор бол!», «Кітап сыйла» акциялары және адрестік жұмыстар ұйымдастырылды.

Күтілетін нәтижелер: Жастар арасында бір біріне қолдау көрсету, мейірімділік, жанашырлық сезімін ояту, еріктілік, қайырымдылық іс- шараларда белсенділігін арттыру.



SYR_ZHASTARY

«АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ» ЖОБАСЫ

*«Түркістан облысының
жастар ресурстық орталығы» КММ*

Мақсаты: инклюзивті қоғамды қалыптастыру.

Міндеттері:

- акцияның басты міндеті балалардың барлық өмір сүру жағдайларын (денсаулық, әлеуметтік, отбасылық жағдайлар, жас ерекшеліктері) барынша ескере отырып, қоғаммен жайлы қатар өмір сүруге ұмтылу, оларға қамқорлық жасай отырып, балауыз жүректеріне мейірімділік тұқымын себу болды.

- басты жетістік-мүмкіндігі шектеулі балалардың армандарының қалай орындалатынын көру.

Жобаның мақсатты аудиториясы: мүгедектігі бар балалар мен жастар.

Жүзеге асыру механизмдері:

Үйде, қоғамнан тыс жерде оқитын мүмкіндігі шектеулі балалар. Жоба шеңберінде жобаға қатысушылардың армандары мен мақсаттары іске асырылатын болады, бұл инклюзивті қоғамның тұрақты тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін үнемі жақсы әлемге ұмтылу үшін көмекке келетін жақсы адамдар бар екенін сезіну маңызды.

Күтілетін нәтижелер: акция өткізу, мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтендіру тақырыбын өзектендіру.



ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫН, ҚОЗҒАЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

KITAPPEN OZGERGEN ALEM

«Байғанин ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ

Мақсаты: Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, ой – өрістерін кеңейту, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту, танымдық және дамытушылық қызметтерін анықтау. Кітапқа деген сүйіспеншілік, қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- Жастардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру;
- Көкжиектің кеңеюі;
- Акцияны өткізу.

Жүзеге асыру механизмдері:

- ✓ Байқауға 40-тан астам адам тіркелді;
- ✓ Байқауға 33 адам қатысты;
- ✓ Қатысушылар арасында ең кіші жас - 11, үлкені - 46 жас болды;
- ✓ 1 кезең, 2 топ, 1 кітап;
- ✓ Басты сыйлық - ұялы телефон;

Жастар ресурстық орталығы ғимаратында жобаның марапатталу шарасы өтті. Жеңімпаздарға алғыс хат және бағалы жүлделер табысталды. Жарыс қатысушыларына ынталандыру сыйлықтары берілді.

Аталған шара аудан жастарының ұсынысы негізінде өткізілді.



Күтілетін нәтижелер:

Кітап оқитын ортаны қалыптастыру және жастар арасында шығармашылық дамыту мақсатында өткен шара алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

«СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ-2022» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Ақмола облысының
«Жастар ресурстық орталығы» КММ

